



Тіркелген салықтың айына салық салу бірлігіне базалық ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 4 наурыздағы № 12-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 19 наурызда № 7-4-84 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 17 тамыздағы № 19-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 17.08.2018 № 19-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, аудандық мәслихаттың кезекті он екінші сессиясы **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау және қамтамасыз жасау Бөкей ордасы ауданы бойынша салық басқармасына тапсырылсын.

Сессия төрағасы

Мәслихаттың хатшысы

Н.Жанғалиев

Г.Бисекенова

Бөкей ордасы аудандық мәслихатының
2009 жылғы 4 наурыздағы
№ 12-4 шешіміне қосымша

Айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкалары

Рет №	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының ең төменгі мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3

1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4.	Ойын жолы	5
5.	Карт	2
6.	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК